

Қорытындылай келе АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы бойынша талқылаған SWOT-талдауымда күшті тұстары мен мүмкіндігері оның әлсіз тұстары мен қауіптерімен шамамен тең, дәлірек айтсақ 6:8. Америка Құрама Штаттары сауда тапшылығын еңсере алмады. Өзара баж салығы Қытайда орналасқан АҚШ компанияларының қаржылық нәтижелеріне соққы берді. АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы 2018 жылдың қазан-желтоқсан айларында АҚШ қор нарықтарының құлдырауының себептерінің бірі болды. Қытайдың ЖІӨ өсімі баяулады, бұл «Қытайда жасалған» бағдарламасы үшін тиімді емес. Сауда соғысына байланысты Қытайдың мұнайға деген сұранысы төмендеді. Қытай бұл шикізаттың негізгі сатып алушыларының бірі болғандықтан, Қытайдың сұранысының төмендеуі мұнай бағасының төмендеуіне итермелейді. Соғысты тоқтату және жаңа сауда келісімі АҚШ үшін де, Қытай үшін де қажет болды. Қытай үшін АҚШ - негізгі сыртқы сауда нарығы, ал Қытай - АҚШ-тың негізгі несие берушісі. АҚШ-тың ұлттық қарызының 20% дерлік Қытайдың қолында шоғырланған. Егер Қытай билігі американдық облигациялардың көп бөлігін сату туралы шешім қабылдаса, бұл американдық экономиканы ғана емес, әлемдік нарықтарды құлдыратуы мүмкін. Негізінен екі елдің сауда соғысының мәселесі ынтымақтастық қарым-қатынас бағытында шешілетін болса, екі тарапқа ғана емес, әлемдегі елдерге де жақсы болады деп есептеймін. Сондай-ақ екі тарап әртүрлі саяси мәселелерді шешуде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып дұрыс бағытта жұмыстарды жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Тіпті кейбір сарапшылар сауда соғысы ядролық қарумен бірдей деп бағалаған. Ешкімде оны пайдаланғысы келмейді, сондықтан Қытай мен АҚШ-та терең қарсыластыққа кете қоймасы анық деген болжамдар айтады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://twitter.com/kimberlyamadeo>
2. <https://www.state.gov/u-s-relations-with-china/>
3. Пак С. (2020) Торговая война Китая и США: что будет с китайской экономикой? // Вестник международных организаций. Т. 15. № 2. С. 213–235 (на русском и английском языках). DOI: 10.17323/1996-7845-2020-02-10
4. <https://www.bbc.com/news/world/asia/china>
5. China General Customs Administration // URL:<http://english.customs.gov.cn/>
6. <https://www.rt.com/trends/china-us-trade-war/>
7. <https://www.bloomberg.com/graphics/2019-us-china-trade-war-economic-fallout/>

УДК 327.256

ЗАМАНАУИ СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР ЖАҒДАЙЫНДА АҚПАРАТ АҒЫМДАРЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ, ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сайлауова Назерке Жанболатовна

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Дәлелхан А.

Ақпараттық технологияларды халықаралық деңгейде реттеу мәселелері ХХ ғасыр аяғынан бастап, Интернеттің кең қолданысқа енуімен өзекті бола бастады. Жоғары деңгейде дамыған телекоммуникация, Интернет, мобильді байланыс, ақпарат алмасудың жаңа технологиялары экономикалық және әлеуметтік процестерге революциялық түрде әсер етеді. Бұл – жаһандану процесінің айқын мысалдарының бірі.

Қазіргі таңда заманауи ақпараттық ағымдарды және Интернетті басқару проблемасы ұйымдастырушылық, техникалық, технологиялық, әлеуметтік-саяси, әлеуметтік экономикалық және өзге де аспектілердің кең ауқымын қамтиды. Сонымен қатар Интернетті басқару сегіздік тобының мемлекет және үкімет басшылары 2000 жылы жаһандық ақпараттық қоғамның Окинава Хартиясында халықаралық деңгейде анықталған «ақпараттық қоғам құру» идеясымен де сай келеді [1, 584 б.].

Үкіметтердің қызметімен және Интернетке қатысты мемлекеттік саясаттың халықаралық мәселелерін шешудегі өз міндеттемелерін орындаудағы рөлімен байланысты жаһандық желіні басқару саласы ең алдымен халықаралық құқықтың басты субъектілері – мемлекетке тікелей қатысты. Осы орайда екі маңызды сәтті атап өткен жөн. Біріншіден, Интернеттің ұйымдастырушылық-техникалық қызметінің ерекшелігі – оның ешкімге тиесілі болмауында. Ешбір мемлекеттің Интернетке қатысты монополиялық билігі жоқ, оны ешкім басқара да, өшіре де алмайды.

Интернеттің көптеген технологиялық құрамдас бөліктері ұлттық және мемлекеттік юрисдикцияларға жатады және ақпаратты беру кезіндегі шектеулерді мемлекеттің өзі енгізеді. Екіншіден, Интернет саласындағы саяси мәселелерді шешудегі басты рөл мемлекетке тиесілі, сәйкесінше Интернетті басқарудағы халықаралық-құқықтық механизмді қалыптастыру барысында да ол негізгі қызметті атқаратыны түсінікті.

Қазіргі таңда қарулы соғыс жүрмейді, алайда ақпараттық соғыстың қарқыны мықты. Екі мемлекет бір-біріне ақпарат арқылы шабуыл жасайтын болды. Мұның барлығы – қарқынды дамып жатқан ақпараттық технологиялардың нәтижесі. Бүгінде Жер планетасы азаматтарының жеке ақпараттарын, мемлекеттер деректерін сақтау үшін көптеген шаралар қабылдап, ақпараттық ағымдарды халықаралық, құқықтық реттеу мәселелерін қарастырып жатыр.

Біріккен Ұлттар Ұйымының бастауымен ақпараттық қоғам жөніндегі екі кезеңнен тұратын дүниежүзілік саммит өтті. Алғашқы кезең 2003 жылы Женевада, екінші кезең 2005 жылы Тунисте өткен болатын. Женевада өткен саммит кезеңінің ең маңызды нәтижесі БҰҰ Бас Ассамблеясында Ақпараттық қоғам туралы қағидаттар Декларациясы мен Ақпараттық қоғам жөніндегі Дүниежүзілік саммиттің іс-қимыл жоспары құжаттарының қабылдануы болды. 2005 жылы болған саммит нәтижесінде Ақпараттық қоғамға қатысты Тунис міндеттемесі және Ақпараттық қоғамға арналған Тунис күн тәртібі қабылданды [2].

Ақпараттық ағымды басқару саласындағы мәселелерді талдау жөніндегі халықаралық серіктестік идеясы әлі жалғасын тауып келе жатыр әрі жемісті нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беріп жүр. Интернетті, ақпараттық ағымды басқару саласына азаматтық қоғам да, жеке сала да, халықаралық үкіметтік емес ұйымдар да, техникалық және академиялық қауымдастықтар да қатыса алады.

Жақсы дамыған ақпараттық технологиялар дәуірінде өмір сүрудің жақсы да, жаман да тұстары бар екені сөзсіз. Технологиялар шекараларды жойды. Ақпаратты алу және онымен алмасу деңгейі едәуір жеңілдеді. Алайда олардың қарқынды дамуы халықаралық қарым-қатынастардың күрделенуіне, кейбір мемлекеттік деректердің ортақ қолданысқа еніп кетуіне әсер етеді. Осы кезде әр мемлекет өз құқығын қорғай білуі шарт. Жоғарыда БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған құжаттар осы шартты жүзеге асыруға көмектесетіні сөзсіз.

Ақпараттық ағымдарды халықаралық-құқықтық реттеу саласы жақсы дамып жатыр.

Жаһандық желінің трансшекаралық сипатын ескере отырып, халықаралық деңгейде маңызды Интернет инфрақұрылымын қорғау ережелері мен принциптерін әзірлеу жақсы нәтиже береді. Мұндай ережелер мен принциптер мемлекеттердің өз аумағында Интернет желісі инфрақұрылымы объектілерінің жұмыс істеуінің тұрақтылығын және оны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерімен байланыстырылуы тиіс. Бұл мәселе бірнеше жыл бойы қалай өзекті болса, сол өзектілігін әлі де сақтап отыр. Сондай-ақ оның маңыздылығы еш жойылмауы да мүмкін. Өйткені, жыл жылжыған сайын Интернеттің, ақпараттық ағымдардың қарқынды дамуымен шешілуі керек мәселелер саны арта түседі [3, 138 б.].

Қазіргі таңда Интернет қолданушылары, ресурс иелері мен қызмет операторларын анықтау мәселесі басты назарда. Бұл Интернетте орталық жаһандық жүйені анықтау проблемасын туғызып отыр. Оның алғашқы кірпіштері қаланды десе де болады. Google, Facebook сияқты нақты мемлекеттердің ұлттық заңды тұлғалары болатын интернет-компаниялардың трансшекаралық қызметтерді көрсету тәртібін құқықтық реттеуді одан әрі жетілдіру қажет. Өйткені, қазір мұндай ірі компаниялардың қызметін қолданушылар саны күн сайын артып жатыр. Соңғы айларда әлеуметтік желілер өз қолданушыларынан деректерді сақтауға рұқсат сұрайтын болды. Мұның барлығы ақпараттық ағымдарды халықаралық, құқықтық реттеудің бір көрінісі, айқын мысалы.

Белгілі бір дәрежеде трансшекаралық телерадио хабарларын таратуды реттеу тәжірибесі осы саланы аналогия бойынша реттеудің құқықтық негізі бола алады [4].

Ақпараттық-коммуникациялық қатынастар саласындағы қоғамдық қатынастардың даму қарқыны олардың құқықтық реттелуінен бір қадамға алда келеді және ақпараттық технологияларды дамытудың басқа да мәселелері пайда болуы мүмкін. Ал бұл халықаралық құқықтық реттеуді талап етеді. Осы проблемаға қатысты кез келген мәселе Интернетті трансшекаралық басқару саласындағы халықаралық-құқықтық серіктестіктің қажеттілігімен байланысты болады. Жеке деректерді сақтау мәселесіне баса назар аудару қажет. Бұл ақпараттық ағымдардың «экологиялық» түрде жүруіне көмектеседі.

Бұқаралық ақпарат құралдарының, байланыс арналарының және электронды байланыстың дамуының арқасында ақпараттық кеңістік интерактивті және трансшекаралық сипатқа ие болады. Осылайша, бұрын болған аумақтық кедергілер, институционалдық шектеулер жаңа виртуалды кеңістіктің ақпараттық ағындарын үйлестіру үшін тиімді емес.

Лезде трансшекаралық ақпарат алмасу мүмкіндігі қазіргі заманның әлеуметтік және әкімшілік процестеріне БАҚ-ты тартады. Сондықтан да қоғамдық пікірді қалыптастырудың іргелі қайнар көзі ретінде әлемдік БАҚ институтын кешенді зерттеу маңызды.

Екіншіден, қазіргі БАҚ азаматтық қоғамның 100% тәуелсіз институты емес, олардың қызметі көбінесе нақты саяси субъектілердің мүдделері мен ұмтылыстарына тікелей байланысты. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдарында ұсынылатын ақпараттың сапасы мен сенімділігі жиі дау туғызады.

Тыйым салынған экстремистік ұйымдар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өздерінің «діни құндылықтар» және «әлеуметтік теңдік» үшін күресу ұрандарының тартымдылығын арттыруға тырысып, олардың қатарына жаңа ізбасарларын тартуда. Бұқаралық ақпарат құралдары – псевдо-діннің және білімсіз жастардың санасына бүлік шығарудың ең жақсы жүргізушісі. Сонымен қатар, интернеттегі экстремистер шеберлікпен сахналаған бейнероликтер әлемнің жетекші державалары арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуіне ықпал етеді.

Нәтижесінде адам құқықтары мен бостандықтары, халықаралық ақпарат алмасу тәртібі, БАҚ-қа қатысты ішкі саяси процестер және басқа да көптеген мәселелер халықаралық деңгейдегі өткір күрестің нысанасына айналады.

Үшіншіден, халықаралық ақпараттық кеңістіктің трансшекаралық сипаты жағдайында БАҚ жаһандық саяси айла-шарғы жасау функциясын алады. Жаһандық ақпараттандыру ақпараттық құрамдас әлеуметтік қызметтің барлық салаларына енгізіліп жатқанын ескере отырып, қазіргі жағдайды белгіледі. Осы құбылыс аясында әскери ісқимылдарды жүргізу әдістері өзгертілуде, нәтижесінде ұлттық қауіпсіздіктің жаңа өлшемі құрылуда. Әлемдік саясатта «ақпараттық қаруды» қолдану және «ақпараттық жауынгерлердің» шиеленіс әлеуетінің таралуы әлемдік тұрақтылыққа төнетін басты қатерлердің біріне айналуға. Дегенмен, ақпараттық шабуылдарға қарсы тұрудың және қорғаудың күрделілігі ақпараттық қаруды қолданудың өзі емес екендігінде.

Төртіншіден, БАҚ халықаралық қатынастардағы «жұмсақ күш» атрибуттарының бірі болып табылады. БАҚ әлемдік қоғамдық пікірді қалыптастыруда басым рөл атқаратындықтан, еліміздің халықаралық аренадағы келбеті мен имиджі олардың танылуына байланысты. Олар сондай-ақ әртүрлі елдердің ұлттық мәдениеті, дәстүрлері, өмір салты, экономикалық даму деңгейі, технологиялық инновациялардың қарқыны және басқа да өмір аспектілері туралы ақпараттың негізгі жеткізушісі болып табылады.

Сонымен қатар, қазіргі саяси шындық БАҚ-тың плюрализмді деформациялайтын, сөз бен идея бостандығын бұзатын үгіт-насихаттың таралуына қарсы тұрудың ең тиімді тетігі екенін растайды.

Демек, қазіргі қоғамды бұқаралық ақпарат құралдарынсыз елестету мүмкін емес, өйткені ол әлеуметтік маңызды ақпаратты жаппай таратуға мүдделі, сондықтан БАҚ пен қоғамның өзара тәуелділігі мен өзара ықпалы жан-жақты және жан-жақты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Коллектив авторов. “Международное право”. – Казань: Издательство “Статут”, 2016. – 584 б.
- 2 Международно-правовое регулирование информационной сфере. URL: https://ozlib.com/998987/pravo/mezhdunarodno_pravovoe_regulirovanie_informatsionnoy_sfere#506444
- 3 Р. Болгов, К. Панцеров, С. Виноградова, Н. Васильева. “Информационное общество и международные отношения”. – Санкт-Петербург: СанктПетербургский государственный университет, 2014. – 138 б.
- 4 Международно-правовое регулирование отношения информационной сфере. URL: https://ozlib.com/911150/pravo/mezhdunarodno_pravovoe_regulirovanie_otnosheniy_informatsionnoy_sfere#960

УДК 327.145

КАНАДА ЭНЕРГЕТИКАСЫ

Сейткалиева Меруерт Сериковна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті